

## ҚАЗАҚ ТЕГІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ЕСІМДЕР

**Оразбекова Г.**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ  
филология факультетінің магистранты

"Тек" сөзіне қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: "шыққан негізі, нәсілі, тұқымы" – деген түсінік беріледі[1, 802]. Демек адамның шығу тегі, арғы ата-бабалары, тұқымы деген ұғымдар "тек" сөзінің аясына жинақталады. Дәл осы мағынасынан келіп "тек" сөзі адамның фамилиясы (әкесінің немесе атасының аты) қызметін атқарады. Тек дегеніміздің өзі есім арқылы білінеді, сол себепті тек қаралған жерде кісі аттары қатар жүреді.Ғалым Т.Жанұзақ: "Қазақ тіліндегі әке аттары да, фамилиялары да кісі аттарынан алынған. Бұл екеуі де тілдегі жалпы есім сөздерден (апеллятивтерден) жасалады. Әр халықтың фамилиясының қалыптасуы, дамуы алуан түрлі" -дейді[2, 95]. Мәселен, славян халықтарында Сергей Сергеевич, Петров Петр деген аты-жөндерді кездестіруге болады. Бұл кісі аттарының уақыт өте теккөететінімен байланысты.Кейбір кісі аттары текке көшіп,көне кісі аттарына айналады да, тек тектерде ғана сақталып қалады. Мысалы, орыстарда Щукин, Медведьев, Зайцев деген тектерді жиі естігенмізбен, Щука, Медведь, Зайец деген кісі аттарын кездестірмейміз. Өйткені бұл есімдер орыс антропонимикасында ескірген немесе көнерген (старинные) есімдер қатарында. Бұл жердегі ескіру деп тұрғанымыз кісі аттарының сәннен шығуы.

Біздің өмірімізде "мода" деген түсінік бар.Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: "Мода,сән –киімнің, тұрмыс заттарының сыртқы пішіні жағынан өз заманына сай сәні" – деп анықтама берген[3, 596].Мода тек киім мен заттарда ғана емес, кісі аттарын да айналып өтпейді. Модадағы есімдер, модадан шыққан есімдер де болады. Белгілі бір кезеңде белсенділігі артып, қолданысы жиілеген есімдерді «мода» сөзімен атап отырмыз. Біршама уақыттан кейін ол есімдер замана өзгерістерімен бірге қолданыста сиреп кетуі де мүмкін, бірақ бұл олардың мүлде жойылып кетуі дегенді білдірмейді. Осы есімдерді иеленген адамдармен бірге халықтың жадында сақталады.Ондай көптеген есімдер бүгінгі күні тектеріміздің құрамында сақталып келеді, кейбірі мүлде қолданыстан түсіп қалып, кейінгі бір кезеңдерде қайтадан «модаға» айналуы да ғажап емес.2019 жылы статистикаға сүйенсек,

ұлдар арасындағы ең танымал есімдерге Әлихан, Айсұлтан, Нұрислам, Әмір, Әлинұр, Рамазан, Ислам, Алдияр, Санжар тәрізді есімдер кіреді. Қыздар арасында Раяна, Медина, Айзере тәрізді есімдер танымал екен[4]. Бұл есімдер сәнде (модада) болғандықтан халық арасында ең танымал есімдер қатарында.

Ал бүгінде Қойлыбаев, Түйебаев деген тектерді естігенімізбен, Қойлыбай, Түйебай деп ат қойып жатқанын естімейміз. Бірақ "мода" деген нәрсенің тұрақты дүние емес екенін ескерсек, кейін осы аталған Қойлыбайымыз да, Түйебайымыз да қайтадан танымал есімдер қатарынан көрінуі әбден мүмкін. Әзірге бұл есімдер тек біздің тектерімізде ғана көрініс тауып отыр.

Заманның дамуына, ғаламтордың пайда болуына байланысты халықтар арасында мәдениет алмасу, басқа халыққа еліктеу тәрізді құбылыстар орын алады. Бұл, әрине, тілге, соның ішінде антропонимдерге де өз ықпалын тигізеді. Сондықтан Алина, Анель, Альтаир, Жанель тәрізді еліктеуден пайда болған есімдер де жиі кездеседі. Осы орайда ғалым Б.Әбдуәлиұлы: "Кез-келген тілдегі кісі есімдері – ұлттың төл туындысы, ол өзгелерден өзіндік болмысымен айқындалады. Осы ерекшелігі арқылы ол қазақ есімдері, орыс есімдері, неміс есімдері, француз есімдері т.б. болып, түрлі топтарға бөлініп кете береді"-деп жазады [5, 69]. Бүгінгі күнде сәнде жүрген есімдерден гөрі, көне есімдерде (тегімізде) немесе тегімізде сақталып қалу қаупі бар кісі аттарында ұлттық сипат басымырақ. Мысалға жоғары да айтылған Қойлыбаев, Түйебаевтарды алайық.

Қазақ халқы – ырымшыл халық. Негізгі күнкөріс кәсібі төрт-түлік мал болғандықтан, балаларына ырымдап Малдыбай, Қойлыбай есімдерін қойған. Бұл есімдердің астында малды болсын, бай, дәулетті болсын, ештеңеден тарлық көрмесін деген тілек жатыр. Одан бөлек Қойбай, Жылқыбай, Түйебай деген есімдерде кездеседі. Осыған байланысты ғалым Қ.Жұбанов біріккен тұлғалы кісі аттарын талдау барысында Малдыбай, Қойлыбайсынды кісі аттарымен Жылқыбай, Түйебай, Сиырбай, Қойкелді, Қойбағар секілді аттардың құрылымдық жағынан да, мағыналық жағынан да бірдей еместігін айтады. Ол екінші компоненті - бай зат есімге немесе сын есімге жалғануына байланысты[6,49-55]. Бүгінде бұл кісі аттары тек тектерімізде (Қойгелдиев, Жылқыбаев) көрініс тауып отыр. Оған себеп – қазақ халқының өмір салтының өзгеруі. Қазақ халқы отырықшы елге айналды, төрт-түлік халық үшін маңызын, қадір-қасиетін жоймағанымен, оның халық өміріндегі орны, рөлі өзгерді. Оның үстіне екінші компоненті болып тұрған "бай" сөзі тағы бар. Ол өз алдына жеке әңгіме.

Тілімізде кісі аттарының басым көпшілігі екі сөзден біріккен, яғни біріккен тұлғалы болып келеді. Олар, әдетте, сын есім мен зат есім, етістік пен зат есімдердің біргүі арқылы кісі атына айналып отырады [3,138]. Мысалы, қазақ халқында -бай, -бек, -хан компоненттері арқылы жасалған тектер өте көп. Мысалы: Сандыбаев (Сандыбай), Елубаев (Елубай), Сексенбаев (Сексенбай), Құрманбекова (Құрманбек), Жақсыбеков (Жақсыбек), Оразбеков (Оразбек), Болатханов (Болатхан), Серікханов(Серікхан) т.б. Осы аталған тектердің ішінде бүгінде Амирхан, Алихан, Нұрбек, Айбек деген есімдерде -хан, -бек компоненттері сақталғанымен -бай компонентімен келетін есімдер өте сирек, жоқ десек те болады. Оның себебі *байға* жағымсыз мәндегі сөз ретінде қарауымызда (Шығайбай, Қарабай, Сараңбай) немесе кезіндегі байларды қудалау уақытындағы саясаттың санамызға сіңген салқынынан әлі де арыла алмай келе жатуымызда болса керек. Осы сөздің шеккен зардаптарының бірі «қазақбайшылық» деген ұғымнан да көрінеді. Әзіл-ысқақ театрларының сахналардағы қойылымдары да оған үлкен «үлес» қосты деуге болады. Байдың басына үкі таққан ақымақ баласының өзіне ұқсас қызға сөз салуы туралы қойылымдары соңғы жылдарға дейін репертуардан түспей келді. Қазақ қоғамындағы байдың орны мен қызметін түсінбей көнерген ұғым, ескінің қалдығы ретінде барынша аластауға тырыстық. Осылайша халықтың түсінігінде *бай* жағымсыз бейне ретінде қалыптастыда, ол сөзден мүлде жеріну үрдіс алып, жаңа есімдеріміздің қатарында сиреп кетті, қазір тектеріміздің құрамынан көбірек көрініс береді. Ғалым Т.Жанұзақ: "Компоненттердің біріншісі, яки екіншісі бай сөзімен келетін кісі аттары көп. Жылқыбай, Малыбай, Мырзабай, тәрізді аттар байлыққа байланысты

қойылғаны белгілі. Ал Итбай, Қасқырбай, Күшікбай есімдерінде итке, қасқырға бай болсын деген мағынада қойылмаған. Ғалым Қ.Жұбанов оны тотемге байланысты деп түсіндіреді[3,139]. Б.Әбдуәлиұлы кісі есімдеріндегі "бай" сөзінің әуел бастағы мағынасы малмен байланысты болуы керек. Оған дәлел "мал" сөзінің дүние, байлық мағынасын беруі, малдың беті жарық, малды шашу, мал жию тәрізді сөз қолданыстары деген тұжырым жасайды [5, 278].

Көтібарұлы, Үшкемпіров, Итбаев, Сарқытов, Жаманбаев, Сатыпалдиев деген тектерді естіп жүргенімізбен, баласына Көтібар деп, Үшкемпір деп ат қойыпты дегенді естімедік. Бұл есімдерде тек тегімізде сақталып қалған есімдер қатарына кіреді. Бұл ырымшыл қазақ халқының бала тоқтамаған кезде, бірінен соң бірі өле берген соң амалсыздан ойлап тапқаны. Ғалым Б.Әбдуәлиұлы бұндай есімдер баланың болашағы үшін, жын-перілерден құтылу үшін баланы елеусіз, жаман етіп көрсету мақсатында қойылатынын және бұндай ырым басқа да халықтарда кездесетінін айтады. Мысалы, вьетнамдықтар *Эть* (бақа), *Тхео*(тыртық), алтайлықтарда *Ит Кеден* (иттің арты), орыстарда *Непутевый* (*Непутин* фамилиясы бар) деген есімдер қойылған[5, 267].Бұл есімдер бүгінде тек тегімізде сақталып қалды және мүлде қолданыстан шығып кету қаупі бар. Қазір медицинаның дамуы, соған сәйкес балалардың шетінеуінің азаюы да, бұндай есімдердің азайып, тек тектерімізде сақталып қалу себептерінің бірі деп жорамал жасаймыз.

Тегімізде бар, бірақ есімдерімізде жоқ антропонимдердің қатарын Елубай, Жетпісбайлар құрайды. Елубаев, Жетпісбаев, Тоқсановтар жанұясы, отбасы дегенді жиі естиміз де. Дәл осылай кісі есімдерінің сан есімдермен қойылуының сыры бар. Т.Жанұзақ тіліміздегі сан есімдер арқылы жасалған жалқы есімдерді өзіндік типтеріне, құрылыстары мен ерекшеліктеріне қарай үш топқа жіктейді. Олар:сан есімдерден жасалған кісі аттары (антропонимдер), жер-су аттары (топонимдер), ру-тайпа аттары (этнонимдер). Адам есімдерінің сан есімдерден қойылуының өзінің бірнеше себептері бар. Соның бірі – есімнің әкесінің жасын білдіруі. Мысалы, Алпысбаев, Сексенбаев, Жетпісбаев, Тоқсанбаев т.б. Бұл есімдер баланың әкесінің сол жасқа келгенде туғандығын немесе сол жасқажетсін деген тілекті көрсетеді. Бұрынғы дәстүр бойынша, қартайғанда туған балаларға алпысымда, сексенімде, тоқсан жасқа келгенімде туған перзентім деп осылайша ат қойылатын[3,152]. Бүгінде Алпысбай, Жетпісбай тәрізді есімді қоймайды. Біздіңше, біріншіден –бұрынғыдай жетпісінде,сексенінде жас тоқал алып, перзент сүю дәстүрі (өмір салты) жоғалғаннан кейін де Жетпісбайлар мен Алпысбайлардың дүниеге келмеуі, екіншіден – жоғарыда айтылғандай "бай" компонентімен келуі себеп.

Қорытындылай келе, адамдардың талғамында тұрақтылық жоқ. Адам талғамы өзгерсе, көп дүние өзгеріске түседі. Соның бірі – антропонимдер. Жоғарыда аталған есімдерді қолданыстан шығып қалған көне есімдер деп айтуға келмейді. Бүгінде тегімізде сақталып, сол арқылы қолданыста сақталып отыр. Қазіргі ғылым мен техниканың талаптары бойынша қазақтың ұлттық шаруашылығына деген көзқарастар мүлде басқаша сипат алуы мүмкін, сол кезде ілгеріде аталған есімдердің тағыдыры қалай болатыны уақыт еншісіндегі мәселе. Қазір ол туралы болжам айту қиын. Оның тағы бір себебі елімізде тек тандауда көбіне атасының немесе әкесінің аты алынады. Сонымен қатар әулеттің тегін сақтауға да мән беретіндер бар. Осы екіұдайылық жағдай көне есімдеріміздің тағдырына тікелей әсер ететіні анық. Келер ұрпақпен бірге тегін ауыстырып отырған жағдайда бұл есімдердің болашағы бұлыңғырлана береді, ал әулеттің тұтастығын сақтау үшін әуелгі тегін сақтап қалған жағдайда ол есімдердің де өміріүзақ уақыттар бойы жалғаса бермек.Қазақтың байырғы есімдерінің мағынасы мен мазмұнында ұлттық сипат басым екені шындық. Онда халықтың танымы туралы, өмір салты туралы көп ақпарат жатыр. Сондықтан тарихи тегімізбен сабақтастықты үзіп алмас үшін байырғы есімдерімізді де ойымыздан шығармауымыз керек.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редакциясын басқарғанТ. Жанұзақ. – Алматы: «Дайк –Пресс», 2008. – 968 б.

2. Жұбанов Қ. Из истории порядка слов в казахском предложении: (Исследования по казахскому языку. Вып. I). Алма-Ата, 1936.– 57 стр.
3. Жанұзақ Т. Қазақ есімдерінің тарихы.–Алматы:«Ғылым», 1971. – 218 б.
4. <https://sputniknews.kz/society/20200105/12460717/tanymal-esimder-2019.html>
5. Әбдуәліұлы Б. Қазақ антропонимжасамы: теориялық және практикалық негіздері. – Астана: «Астана полиграфия», 2012. –320 б.